

## Қазақстан Республикасында Жануарлар дүниесінің жекелеген түрлерін ерекше жағдайларда пайдалану тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2000 жылғы 28 маусым N 969. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1108 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2015 № 1108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабына сәйкес және ителгілер мен жек дуадақтар тұқымының тұрақты жағдайын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында Жануарлар дүниесінің жекелеген түрлерін ерекше жағдайларда пайдалану тәртібі жөніндегі ереже бекітілсін.
2. "Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар қыран құстардың тұқымын сақтап қалу жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 21 тамыздағы N 1150 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 28, 344-құжат) күші жойылды деп танылсын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 28 маусымдағы  
N 969 қаулысымен  
бекітілген

### **Қазақстан Республикасында Жануарлар дүниесінің жекелеген түрлерін ерекше жағдайларда пайдалану тәртібі жөніндегі ереже**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген ителгілер мен жек дуадақтарды (бұдан әрі - құстар) ерекше жағдайларда пайдаланудың жекелеген мәселелері бойынша тиісті мемлекеттік реттеу мен бақылауды жүзеге асыру тәртібін белгілеу мақсатында қабылданды.

2. "Жануарлар дүниесін қорғау өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 22-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі өсімін молайту, ғылыми және өзге де мақсаттарға бағытталған ерекше жағдайларда, арнаулы уәкілетті орган ретіндегі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті және ғылыми-зерттеу мекемесі ретінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Зоология институтының ұсынысымен (түсіндірме жазба) құстарды табиғатта аулауға (алуға) байланысты әрбір нақты жағдайға осындай рұқсаттың берілуі туралы шешім қабылдайды. <\*

>

**Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.11.22. N 1239 қаулысымен.**

3. Уәкілетті органның Республика Үкіметінің тиісті шешімінсіз не Республика Үкіметінің шешімінде аталмаған тұлғаларға құстарды аулауға, соның ішінде сұңқарды аңға салуға рұқсат етуіне жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімінде пайдаланудың мақсаттары мен негізгі шарттары, құстарды табиғатта мүмкіндігінше аулауға рұқсат етілетін мерзімдер, заңды және/немесе жеке тұлғалардың, соның ішінде шетелдіктердің, құстар мен жойылып кету қатері төнген өзге де жануарлар түрлерін қорғау мен өсімін молайтуға салымының мөлшерлестігін ескере отырып, сондай-ақ аулауға құқық алған субъектілердің тізбесі, аталған іс-шараларды олардың одан әрі орындауы міндетті түрде айқындалады.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынысы мен оның соған сәйкес шешімі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Зоология институтының биологиялық жағынан негізделген ұсыныстары (қорытындылары) және құстардың тұқымына залал келтірмей табиғатта аулаудың ықтимал орындары, саны және мерзімі, сондай-ақ олардың өсімін одан әрі молайту жөніндегі шаралар көзделген мемлекеттік экологиялық сараптамасы негізінде дайындалады.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті өз ұсынысында міндетті түрде:

құстардың қандай мақсатпен ауланатыны;  
оларды сақтау және өсімін молайту жөнінде қандай іс-шараларды жүзеге асыру кезделетіні;

жануарлардың және олардың түр-тұқым әр алуандығының табиғи топтануының тұтастығы бұзылмайтындығы;

құстарды аулауда қандай экологиялық талаптар қойылатындығы;  
оларды мүмкіндігінше аулау орындары, негізгі шарттары мен мерзімдері;  
болжалды төлеу мерзімдері мен төлемдердің мөлшерлері;

Үкіметтің негізделген және заңды шешім қабылдауын талап ететін өзге де ақпаратты көрсетеді. < \* >

**Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.11.22. N 1239 қаулысымен.**

5. Үкімет шешім қабылдаған жағдайда, арнайы уәкілетті орган сол шешім мен Заңның нормалары негізінде тиісті заңды және/немесе жеке тұлғалармен жануарлар дүниесін пайдалануға шарт жасасады, содан кейін нақты заңды немесе жеке тұлғаға тиісті дербес рұқсат береді.

6. Құстарды аулауға құқық алған тұлғалардың жек дуадақтарға сұңқар салуы Қазақстан Республикасында ұсталған және үйретілген ителгілермен, сол сияқты Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қазақстандағы СИТЕС Әкімшілік органының талаптары сақтала отырып белгіленген тәртіппен сырттан әкелінген жыртқыш қыран құстардың әр алуан түрлерімен "Қазақстан Республикасының Құрып кету қауіп төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияға қосылуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылуы мүмкін.

7. Құстарды аулауды, сондай-ақ сұңқар салуды ұйымдастыру Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің бақылауымен және басшылығымен мүдделі мемлекеттік органдардың, өзге де заңды тұлғалардың өкілдерінің, сондай-ақ жеке тұлғалардың қатысуымен жүзеге асырылады.

Құстарды аулау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі арнаулы уәкілетті органдардың лауазымды тұлғаларының және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Зоология институтының орнитолог мамандарының тікелей бақылауымен және қатысуымен жүзеге асырылады. < \* >

**Ескерту. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.11.22. N 1239 қаулысымен.**

8. Шетелдік азаматтар мен оларды қамтамасыз ету топтарын алып жүру, күзетті ұйымдастыру және қызмет көрсету қазақстандық тараптан шарттық негізде жүзеге асырылады.

9. Заңды және жеке тұлғаларға, соның ішінде шетелдік те құсбегіліктің дәстүрлі ұлттық түрлерін сақтау, жаңғырту және жергілікті халықтың жұмыспен қамтылуын ынталандыру мүдделерінде белгіленген тәртіппен құстарды торда өсіретін питомниктер ұйымдастыруға, оларды баулу, жаттықтыру жөніндегі мектептер ашуға, мамандар даярлауға, сондай-ақ ғылыми мақсаттарда жұмыс жүргізуге рұқсат беріледі.

10. Ұсталған құстарды әкету рәсімін, сондай-ақ оларды транзиттік тасымалдауды Қазақстан Республикасындағы СИТЕС Әкімшілік органы

құстардың өлім-жітіміне әкеліп соқтыратын іс-әрекеттерді болдырмау жағдайында Жойылып кету қатері төнген фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда жасау туралы конвенцияның (бұдан әрі - СИТЕС Конвенциясы) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

11. СИТЕС Конвенциясының талаптарына сәйкес торда өсірілген құстарды ә к е т у :

әр 100 бастан 30 бас арақатынасында, егер 70 бас тиісті тәртіппен есепке алу және бақылау рәсімдері сақталып бостандыққа жіберілген жағдайда рұқсат етіледі.

1 2 . М ы н а л а р ғ а :

бір жасар және одан үлкен табиғатта ауланған құстарды әкетуге, қыран құстарды жем ретінде пайдалана отырып ителгілерді аулауға жол берілмейді.

1 3 .

**Ескерту. 13-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.11.14. N 1061 Қаулысымен.**

14. Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемдер, кірістер мен шығыстарының бюджеттік жіктемесінің кодтарына сәйкес Қазақстан Республикасының республикалық бюджет кірісіне сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін сақтау мен олардың өсімін молайтуға осы сомалардың бюджеттен бөлінуін кейін қамтамасыз етіп аударылады.

1 5 . < \* >

**Ескерту. 15-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.11.22. N 1239 қаулысымен.**